

Міндетті экологиялық аудит жөніндегі қорытындының нысанын бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасының Қоршаған ортанды қорғау министрінің 2007 жылғы 13 ақпандағы N 43-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 24 ақпандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4554 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 12 мамырдағы № 343 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің 12.05.2015 № 343 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-бабындағы 14) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған міндетті экологиялық аудит жөніндегі қорытындының нысаны бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің құрылымдық және аумақтық бөлімшелерінің мәліметіне ж е т к і з і л с і н .

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау министрінің
2007 жылғы»13 ақпандағы
N 43-Ө бұйрығымен бекітілді

Міндетті экологиялық аудит жөніндегі

қорытындының нысаны

200__ жылғы»" __ " _____ N _____

_____ басшысына
(аудитке жататын субъектінің аты-жөні немесе
толық атауы (жеке немесе заңды тұлға)
СТН (ЖСН, БСН)* _____
Табиғат пайдаланушының тіркеу нөмірі** _____

Мекен-жайы _____

Міндетті экологиялық аудит жөніндегі қорытынды

Қоршаған ортаны қорғау министрлігі (аумақтық бөлімше)
Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық
кодексінің 17-бабындағы 14) тармақшасына сәйкес

(аудитке жататын субъектінің аты-жөні немесе толық атауы)
міндетті экологиялық аудит өткізу туралы шешім қабылдады.

Аудитке жататын субъектінің мекен-жайы: _____

Аудитке жататын субъектінің шаруашылық және өзге де қызметімен
байланысты қоршаған орта үшін болатын мүмкін қауіп-қатерлердің
с и п а т ы :

Міндетті экологиялық аудит өткізу үшін негіздер:

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға
міндетті экологиялық аудиттің нәтижелері бойынша экологиялық
аудиторлық есеп берудің (алған кезден бастап алты айдан аспайтын)
мерзімі: _____

Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау
министрлігінің
(аумақтық бөлімшенің)

басшысы

М ө р

К ү н і

Е с к е р т п е :

Міндетті экологиялық аудит жөніндегі қорытынды Қоршаған ортаны
қорғау министрлігінің (аумақтық бөлімшенің) ресми бланкісінде
р е с і м д е л е д і .

* Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) және бизнес-сәйкестендіру
нөмірі (БСН) бар болған жағдайда көрсетіледі.

** Табиғат пайдаланушының тіркеу нөмірі берілген жағдайда
көрсетіледі.

